

**Лексикалық тақырып:** Мамандық таңдау - өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалау.

**Грамматикалық тақырып:** *Сын есім*



**Берілген мәтінді оқып, төменде берілген тапсырмаларды орындаңыз**

### **Мамандық таңдау - өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалау.**

Мамандық – қызметкердің кәсіп шегіндегі қызметінің нақты саласы. Ол лауазымнан өзгеше түрде белгілі бір білімді және арнаулы түрде оқып-үйрену немесе жұмыс тәжірибесін жинақтау барысында алған еңбек машықтарын талап ететін еңбек қызметінің тегін сипаттайды. Лауазымдық міндеттердің шеңберін айқындайды. Мамандық қызметкер еңбегінің бүкіл шеңберін қамтығанда ол кәсіп ұғымына сай келеді.

Мамандық - адамнан арнаулы білім, еңбек дағдылары мен іскерлікті талап ететін еңбек іс-әрекетінің түрі.

11 жыл бойы «инемен құдық қазғандай» жинаған білімдерін сындарлы сағатта дәлелдей алмай, опық жеген бітірушілер де аз емес. Десек те,

мектеп бітірген әр түлектің алдында тағы бір маңызды қадам күтіп тұр. Ол – мамандық таңдау. Қазіргі уақытта қаладағы қай ЖОО-ның маңайына көз сүзсең де, ығы-жығы халықты көресің. Дені – жастар. Нақтырақ айтсақ, тесттің теперішінен өтіп, болашағына бағдар болатын мамандық таңдауға келген жеткіншектер. Ал олардың бірі – қалаған мамандығына құжатын тапсырып қойғанымен, түсер-түспесін білмей дал болса, енді бірі – әлі күнге дейін қандай мамандық таңдарын білмей шарқ ұрып жүр. Себебі бірі – ҰБТ-дан жинаған балына қарап, бірі – бөлінген грант санына қарап тосылады. Ал қалтасында қаржысы барлар оған бас ауыртып жатпайды. Бірақ ешкім «бүгінгі күнде қай мамандыққа сұраныс жоғары», «қазаққа қажет қарекет қайсысы» деген сауалдарға ойланбайды. Шындыққа көз жүгіртсек, қай ата-ана болсын «әйтеуір оқып, қолына дипломын алса болды, ары қарай көре жатармыз» деп баласының ертеңіне көз сүзбейді.

Алға тарт деп жас жүрек бұлқынады, Балалықпен қоштасар күн туады. Қазаққа қажет мамандық.

Сарапшы мамандардың пікірінше бүгінгі күнде маркетинг, web-дизайнер, химик, ақпараттық технолог, өнеркәсіп саласы мамандары жетіспейді. Ал астрофизик, астроном сынды ғарыш саласы мамандары мен механик, картограф, геодезист мамандығына еліміз аса зәру.

Бұл мамандықты таңдаушылар қатары жоқтың қасы болса, қажеттілік жылдан-жылға артып келеді.

Күннен-күнге заманауи технологиялардың сан түрі шығарылып жатыр. Қазір кезінде арман болған «айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алу да» таңсық емес. Адамзат жеті қат көкті де, жерді де зерттеп-зерделеді. Ғаламат ғарышқа да табан тіреді. Яғни төрткүл әлем техникаға телмірген заман болды. Осыған орай еліміз де ел экономикасының басты бағдары болып отырған мұнай-газ және энергетикалық салаға баса назар аударып отыр. Бірақ бір «әттеген-айы» бұл мамандыққа деген сұраныстың артуы жоғары болғанымен, оған жастардың қызығушылығы төмен. Әдебиет пен тарих сынды гуманитарлық пәндерден алдына жан салмайтын оқушылардың көпшілігі физика мен химияға келгенде амалсыз тосылып қалады. Оған ұлттық бірыңғай тест барысындағы көрсеткіштер куә бола алады. Жапония, Корея, Қытай сынды Азия елдерінде сол техниканың небір түрлері жасалады. «Менделеев кестесіндегі элементтердің бәрі біздің жерімізде бар» деп кеуде кере мақтанғанымызбен, оларды игеруге келгенде өзгелермен иық тірестіре алмаймыз. Ал жоғарыда аталған елдерде, байқап қарасақ, қазба байлық та шамалы ғана. Бірақ олар тыңнан түрен салып, әлем елдерінің

Ж.Аймауытов: «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл – жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе», – дейді. Рас, жас жеткіншек тек өз жүрек қалауымен ғана таңдаған мамандықтың шебері бола алады, яғни мамандық таңдау – жай ғана оқып, диплом ала салу емес, өмірлік жолыңды айқындау.

Анар Дүйсенбайқызы

## Лексика-грамматикалық тапсырмалар



### 1. Берілген сөздерді орыс тіліне аударыңыз.

Мамандық, тарих, тарихшы, түлек, оқытушы, дәуір, табиғат, зерттеуші, құжат, бақылау, дерек, пайдалы қазбалар, кен, сапалы, әдемі, қайырымды, озат, кең, жарық, қанағаттанарлық, жақсы, тәуелсіз.

### 2. Мына сұрақтарға жауап беріп, өзара сұхбат құрыңыз.

1. Сіз білім алатын университет қашан құрылған?
2. Университетте қандай мамандыққа даярлайтын факультеттер бар?
3. Сіз қандай мамандықта оқисыз?
4. Сізге өзіңіз қалаған мамандығыңыз несімен ұнайды?
5. Тарих мамандығының жауапкершілігі неде?

### 3. Мына сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып сөйлем құраңыз.

Біздің университет, біздің факультет, менің таңдаған мамандығым, білікті мамандар, студенттік өмір, біліммен қаруландыру, оқырмандар талабы, мамандық иелері, жастар, студенттер.

### 4. Мәтінді оқып, стилін анықтаңыз.

- мәтінді оқып, стилін анықтаңыз
- мәтіннен термин сөздерді теріп жазыңыз
- мәтінде айтылған тәртіптерді жадыңызда ұстаңыз
- мәтіннен сын есімді теріп жазыңыз

**Тарих** (көне грек. *ἱστορία* —сұрастыру, зерттеу) — адамзат баласының өткенін зерттейтін қоғамдық ғылым. Тарихтың негізгі пәні ретінде - адам рухы қарастырылады, соған байланысты тарихтың мақсаты адамдарға тек өткенін ғана білгізу емес, рухани дүниесін қалыптастыру екенін айта кеткен жөн. Тарих - үздіксіз даму үстінде болатын ғылым. Өткенін білмей қазіргісі мен болашағын бағалау мүмкін емес, қоғамның дұрыс бағытта дамуы үшін азаматтардың тарихи сауаттылы мен белсенділігі орасан зор маңызға ие."Тарихсыз - халық жоқ" деген нақыл бекерге айтылмаса керек. Тарихи зерделеу арқылы тарихи сана, мәдениет, дәстүр, ұрпақтар сабақтастығы қалыптасады. Тарих болып жатқан оқиғаларды жан-жақты әрі тереңінен көре білу қасиетін дамытады және болашаққа дұрыс қадам жасауға жәрдемдеседі.

**Тарих** сөзі грек тілінің "сұрастыру", зерттеу" ұғымынан пайда болған. Тарих оқиғалар мен фактілердің шынайылығын анықтау үшін қажет болды. Көне Рим тарихнамасында (қазіргі заманда тарихнама тарихты зерттейтін тарих ғылымының бір саласы) бұл сөз тану мақсатында емес, әңгімелеу мақсатында қолданылған. Кейіннен тарих деп барлық оқиға, факт, ойдан құрастырылған әңгімелерді айта бастады.

Тарихтың қалыптасып дамуы. Сонау ежелгі дүниеде де тарихи әңгімелерді есіне сақтап, елге айтып отыратын адамдар болған. Қазақ халқы оларды шежіре айтушылар немесе шежірешілер деп атаған. «Шежіре» сөзі – есте сақтау, жадыдағы білім, рухани қазына дегенді білдіреді. Жазба тарихтың негізін салушы б.з.б. 484-425 жылдары өмір сүрген ежелгі грек тарихшысы, жиһанкезі Геродот болып есептеледі. Ол алғаш «Тарих» атты еңбек жазып, Батыс әлеміне «тарихтың атасы» деген атпен белгілі болды. Ал Шығыста тарихтың атасы деп Сыма Цяньді атайды. Ол б.з.б. 145-86 жылдар аралығында өмір сүріп, 130 тараудан тұратын «Тарихи жазбаларды» («Ши цзи») қалдырды. Бір ескертетін мәселе, өзге патшалықтар сияқты Қытайда да жылнамалар жазу дәстүрі ертеден бар еді. Сыма Цянь солардың бәрін жинақтап, жүйеледі. Б.з.б. 3 мыңжылдықтан бастап, өз заманына дейінгі тарихты жазып шықты. Көне замандардан бастап, ортағасырлық моңғол хандықтарына дейінгі тарихты жазып қалдырған тарихшылардың бірі Рашид ад – Дин болды. Ол кісі 1247-1318 жылдар аралығында өмір сүріп «Жами ат-тауарих» («Жылнамалар жинағы», парсы тілінде) кітабын жазды. Бұл кітап Ұлы дала өркениетінің көшбасшылары Алаша хан, Уыз хан туралы аңыз-деректерден басталады. Тарихты жазудың құндылығын жекелеген елдерде патшалар мен хандар түсінді. Олар өз сарай маңында болған оқиғаларды жазатын арнайы адамдарды ұстап отырған. Мұндай адамдарды жылнамашылар деп атаған. Осылай жазбаша тарих дәстүрі қалыптаса бастады, ол тәрбие құралына, мектептерде оқылатын пәнге айналды. Тарихты оқып-білу не үшін қажет? Өз тарихымызды, өзге халықтар мен мемлекеттердің тарихын оқып үйрену біз үшін бұрынғы ата-бабаларымыз қандай болғанын, қазір қандай екенімізді біліп, жан-жақты саралау үшін қажет. Біз тарихымыз арқылы өте маңызды оқиғаларды есте сақтаймыз. Туған жер, ата-бабаларымыздың батырлық, ерлік дәстүрі, тыныс-тіршіліктерін тарихтан оқып білеміз. Өнеге алып, болашағымызды болжаймыз, қателіктерін қайталамауға тырысамыз. Өткен замандардағы дара тұлғалардың ерлік дәстүрін оқып-білген жас ұрпақтан ғана елім-жерім деген ерлер шығады. Тарих пен шежіре – ұлтжанды азаматтарды тәрбиелеп өсіреді. Сонымен бірге азамат баласының бүкіл тарихына ой жүргізетін жол. Біздің мақсатымыз -халқымыздың әлем тарихында алатын өзіндік орнын, атқаратын қызметін сезіну.

Интернеттен

## 5. Сөйлемдерді мәтінге сәйкес аяқтаңыз.

1. **Тарих** (көне грек. *ιστορία* —сұрастыру, зерттеу) — адамзат баласының өткенін зерттейтін ...  
... .
2. Тарих оқиғалар мен фактілердің шынайылығын анықтау үшін ... ..
3. Көне замандардан бастап, ортағасырлық моңғол хандықтарына дейінгі тарихты жазып қалдырған тарихшылардың бірі ... ..
4. Тарих пен шежіре – ұлтжанды азаматтарды ... ..
5. Қазақ халқы оларды шежіре айтушылар немесе ... ..
6. Біздің мақсатымыз - халқымыздың әлем тарихында алатын өзіндік орнын, ... ..

## 6. Төл сөзді төлеу сөзге айналдырыңыз.

1. Цицерон: ««Бәрінен де тек қана өзіне бағынышты адам бақытты», -деді Цицерон.
- 2.«Біздің жұрт бостандық, теңдік, құрдастық, саясат ісін ұғынбаса, тарих жолында тезек теріп қалады», -деді Әлихан Бөкейханов.
- 3.«Тәуелсіздіктің тар жол, тайғақ кешуінен, беттен қағар желінің есуінен тайсалмауға тиіспіз», -деді Нұрсұлтан Назарбаев.

## 7. Мәтін мазмұнына сәйкес төмендегі сөздерді өзара байланыстырыңыз.

Геродот	қызметкердің кәсіп шегіндегі қызметінің нақты саласы.
«Шежіре» сөзі –	1247-1318 жылдар аралығында өмір сүріп «Жами ат-тауарих» («Жылнамалар жинағы», парсы тілінде) кітабын жазды.
Рашид ад Дин	484-425 жылдары өмір сүрген ежелгі грек тарихшысы, жиһанкезі
Мамандық –	есте сақтау, жадыдағы білім, рухани қазына дегенді білдіреді.

### 8. Сын есімнің түрлерін ек і бағанға орналастырыңыз.

Жақсы, білімді, озат, талапты, ақ, сырлас, қара, жоғарғы, тәуір, нашар, икемді, ақ көйлекті, кара шұбар, ауыр, жазғы, таулы, жалқау.

Сапалық сын есімдер	Қатыстық сын есімдер
М: жақсы	М: білімді

### 9. Мақал-мәтелдерді ұйқасын тауып жалғастырыңыз.

- 1) Бал ұстаған ... ..
- 2) Ұстаның бізі сүйкімді, ... ..
- 3) Ұстаның өрісі көрігінен ... ..
- 4) Алтын менен күмісті Зергер үшін жаратқан,  
Арқар менен құлжаны ... ..
- 5) Шебердің инесі де алтын, ... ..
- 6) Шеберді саусағы асырайды
- 7) Қойшыны таяғы асырайды, ... ..
- 8) Дикан жерді анасындай сүйеді, ... ..
- 9) Егіншіні кетпеннің жүзі ... ..
- 10) Малды баға білмеген пайданы ... ..

**Керекті сөздер:** төсіне дейін, мерген үшін жаратқан, жақсының сөзі сүйкімді, бармағын жалар, соққан түймесі де алтын, таба білмейді, асырайды, жер диканын баласындай сүйеді, қасқырды аяғы асырайды.

### 10. Тест тапсырмалары

#### 1. Сын есім

- A) Іс-қимылдың орындалуында орындаушының қатысын білдіреді
- B) Заттың, ұғымның, құбылыстың атын білдіретін сөз табы
- C) Заттың іс-әрекетін, қимылын, сипатын білдіретін сөз табы
- D) Зат есім, сын есім, сан есімнің орнында жүретін, қолданатын сөз табы.
- E) Заттың түрін, түсін, сапасын, салмағын, көлемін білдіретін сөз табы

#### 2. Сын есімнің құрамына қарай бөлінуі

- A) Сапалық, қатыстық
- B) Негізгі, туынды
- C) Дара, күрделі
- D) Салыстырмалы, асырмалы
- E) Күшейтпелі, қатыстық

**3. Заттың жай қалыпты түрін, түсін, сапасын, салмағын, көлемін білдіретін шырайдың түрі**

- A) Салыстырмалы шырай
- B) Асырмалы шырай
- C) Жай шырай
- D) Ашық рай
- E) Күшейтпелі шырай

**4. Заттың сындық белгісін, басқа затпен салыстырғанда кем немесе артық екендігін білдіретін шырайдың түрі**

- A) Салыстырмалы шырай
- B) Асырмалы шырай
- C) Жай шырай
- D) Ашық рай
- E) Күшейтпелі шырай

**5. Белгілі бір сындық белгінің бір нәрседен өте артық немесе өте кем екендігін білдіретін шырайдың түрі**

- A) Салыстырмалы шырай
- B) Күшейтпелі шырай
- C) Жай шырай
- D) Ашық рай
- E) Шартты рай

**6. Сапалық сын есімдерді көрсет**

- A) Жақсы, кіші, өнерлі
- B) Жаман, алыс, күзгі
- C) Ақ, сары, ашық
- D) Дауысты, дауыссыз, ұзын
- E) Сұр, қызылдау, жаманырақ

**11. Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап алыңыз.**

**Ұстазым**

Әні Әбілахат Еспаевтікі  
Сөзі Аманжол Шамкеновтікі

Тұлғанды арманыма ұқсатқанмын,  
Үлгіңді көңіліме қыстатқанмын.  
Есімде әліппені жаттатқызып,  
Ең алғаш қолға қалам ұстатқаның.

Қайырмасы:

Ұстазым, менің ұстазым,  
Өзіңмен өткен қыс-жазым.  
Қалдырған ізің мәңгілік,

Жадымда тұрар жаңғырып,  
Ұстазым, менің ұстазым!

Зердемді сен ашпасаң не етер едім?  
Өмірден сыбағасыз өтер едім.  
Ғажайып дүниенің сырын жайып,  
Қияға қызықтырып жетеледің.

Қайырмасы:

Өзіңнен өмірге азық ала бердім,  
Ұшырып мені алысқа қала бердің.  
Бойымда отың кетті ұшқын атқан,  
Келеді жана бергім, жана бергім!

Қайырмасы:

### ***Сіз бұл адамды білесіз бе?***

**ЖҮСІП БАЛАСАҒҰНИ**, Жүсіп Хас Хажиб Баласағұни (1020 ж.ш., Жетісу өңірі, Баласағұн қ. – ө.ж.б.) – ақын, ойшыл, ғалым, мемлекет қайраткері. Өмірі туралы мәліметтер аз сақталған. Замандастары мен өзінен кейінгі ұрпақтарға дарынды ақын ғана емес, ғалым ретінде де танымал болған. Файласуфи (философия), ризие (математика), тиббий (медицина), фэләкият (астрономия), нужум (астрология), өнертану, әдебиеттану, тіл білімі, т.б. ғылым салаларының дамуына зор үлес қосқан. Ж. Б-дің есімі әлемдік әдебиет пен мәдениет тарихында “Құдадғу білігі” (“Құтты білік”) дастаны арқылы қалды. Ж. Б. бұл дастанын хижра есебімен 462 ж., қазіргі жыл санау бойынша 1070 ж. жазып бітірген. Дастанды “хандардың ханы” – Қарахандар әулеті мемлекетінің (942 – 1210) негізін салушы Сатұқ Қара Бұғра ханға (908 – 955) тарту етеді (қ. Әулие Ата). Сол үшін хан өз жарлығымен Ж. Б-ға “хас хажиб” – “бас уәзір” немесе “ұлы кеңесші” деген лауазым берген. Дастанның бізге жеткен үш көшірме нұсқасы бар. Ғалымдар осы үш көшірме нұсқаның әрқайсысына тән өзіндік ерекшеліктерді жинақтай отырып, “Құтты білік” дастанының ғыл. негізделген толық мәтінін жасап шықты. Дастанның көне қолжазбасы табылғанын әлемге тұңғыш рет хабарлап, 1823 ж. “Азия” журналында (Париж) Вена нұсқасынан үзінді жариялаған француз ғалымы Жауберт Амадес еді.

Қарахан әулеті билік жүргізген дәуірде ұлан-ғайыр өлкені алып жатқан осы мемлекеттің басқару тәртібін белгілейтін ережелер, сондай-ақ, қоғам мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін айқындайтын тиісті заңдар жоқ еді. Міне, елдегі осы олқылықтың орнын толтыру мақсатымен Жүсіп өзінің “Құтты білік” дастанын жазды.

“Құтты білік” дастаны 6520 бәйіттен (екі жолдық өлең) тұрады. Демек дастанда 13040 өлең жолы бар. Соның бәрі 85 тарауға бөлініп берілген. Дастанның кіріспесі қара сөзбен, ал негізгі бөлімдері аруз өлең өлшемінің ықшамдалған мутакариб деп аталатын түрімен жазылған. “Құтты білік” дастанының сюжеттік желісі негізінен шығарманың бас қаһармандарының өзара әңгімесінен, сұрақ-жауаптарынан, бір-біріне жазған хаттарынан тұрады. Төрт түрлі ізгі қасиеттің символдық көрінісі ретінде бейнеленген негізгі төрт қаһарман қоғамның көкейкесті мәселелері туралы әңгімелеседі. Мұндай сұхбатта олар ел басқарған әкімдер қандай болуы керектігін, оқу-білімнің қажеттігін, әдептілік пен тәлім-тәрбие мәселелерін дидактикалық-филос. тұрғыдан сөз етеді. Мәселен, ақын әдептіліктің алуан түрін жырлай келіп, солардың ішіндегі ең бастысы – тіл әдептілігі деген түйін жасайды. “Құтты білік” дастанының авторы метафора, аллегория, гипербола,

*меңзеу, астарлап сөйлеу сияқты көркемдік құралдарды аса білгірлікпен пайдаланады. Дастанның әдеби, тілдік, тарихи тұрғыдан ғыл. мәні ерекше. Бұл дастан бертін келе қазақ халқының этникалық құрамын қалыптастырған ру-тайпалардың орта ғасырлардағы тұрмыс-тіршілігін, наным-сенімін, әдет-ғұрпын, сөз өнерін, тілін, т.б. зерттеп білу үшін аса қажетті, құнды мұра болып табылады.*

Н. Келімбетов, М. Орынбеков

**Дереккөзі:** "Қазақстан" ұлттық энциклопедиясы, Алматы, "Қазақ энциклопедиясы", 1998 ж. 4-том